

## **Аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 3 қарашадағы № 178-ө өкімі.

Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының Көмір департаменті "Ленин атындағы" шахтасында 2022 жылғы 3 қарашада болған аварияны тергеп-тексеру мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының Көмір департаменті "Ленин атындағы" шахтасындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, аварияның себептерін жан-жақты тергеп-тексеруді қамтамасыз етсін, келтірілген залалды бағалау, зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы Юрий Викторович Ильин аварияның себептерін тергеп-тексеру нәтижелері және келтірілген залалды бағалау, зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

*Премьер-Министр*

*Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2022 жылғы 3 қарашадағы  
№ 178-ө өкіміне  
қосымша

## **Қарағанды облысында "АрселорМиттал Теміртау" акционерлік қоғамының Көмір департаменті "Ленин атындағы" шахтасындағы аварияның себептерін тергеп-тексеру және салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссияның Құрамы**

Ильин Юрий Викторович	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Комиссия төрағасы
Танабаев Мұса Тұрманұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары, Комиссия төрағасының орынбасары

Басин Вадим Борисович	-	Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары
Құрымбаев Эрик Зейінғабұлұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Тау-кен металлургия өнеркәсібіндегі мемлекеттік қадағалау басқармасының басшысы
Әбілқасынов Арман Төлеубайұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары
Брагин Сергей Михайлович	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті № 4 департаменті көмір өнеркәсібіндегі мемлекеттік қадағалау бөлімінің басшысы
Ахметов Саяш Шафхатұлы	-	Қарағанды облысы еңбек инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары
Наир Биджу	-	"АрселорМиттал Темиртау" акционерлік қоғамының бас директоры (келісу бойынша)
Өкенов Жұмат Тельманұлы	-	"Кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы" ЖШС Қарағанды филиалы директорының орынбасары (келісу бойынша)
Лукин Андрей Рудольфович	-	"Қорғау" көміршілер кәсіподағының бас техникалық инспекторы (келісу бойынша)